



№6 (8158)
13 ақпан
БЕЙСЕНБІ,
2025 ЖЫЛ



Жылыой аудандық қоғамдық-саяси газеті

Кен Жылой

Газет 1933 жылы 4 қазаннан шыға бастады




www.ken-zhyloi.kz

* Өндіріс

ҚАЗАҚ МҰНАЙЫН ТАПҚАН – ҚАЗАҚ

немесе Қарашүңгілден Доссорға дейін



Өткен жылдың қараша айында Қарашүңгіл алаңындағы №7 ұңғыдан мұнай бұрқағы атқылағанына 126 жыл толды. Бұл бүгіндері бүкіл дүние жүзіне мәлім болған Қазақстан мұнайының алғашқы тамшылары еді. Тарих қойнауына көз салсақ, сол кезде қазақ жерінде «қара алтынды» игеру жұмысы қалай басталып, кімдер еңбек етіп еді деген ой келеді. Жалпы, елдегі мұнайды ғасырдан астам уақыт бұрын тапқан кімдер, қалай тапты?

→ 5

* Төтенше жағдай



ЖЕМНЕН ҚАУІП БАР МА?

Бытыр ауданда жарияланған төтенше жағдай әлі күшінде. Демек, бұл қауіп сөйліп, зардап толық қалыпқа келді деген сөз емес. Сондықтан өңірге Төтенше жағдайлар вице-министрі генерал-майор Кеген Тұрсынбаев іссапармен келді.

Ол көктемгі су тасқынының алдын алуға бағытталған шаралармен танысып, өңірдің дайындығын пысықтады. Астаналық басшыны аудан әкімі Жұмабек Қаражановтың өзі күтіп алып, атқарылған жұмыстармен таныстырды. Жем мен Құрсайдағы тереңдету және басқа да жұмыстың қарқынын көзбен көріп, өз бағасын берген генерал-майор: - *Жедел әрекет ету ғана емес, төтенше жағдайдың алдын алу үшін профилактикалық шаралар қабылдау да маңызды. Бұл кешенді тәсілді,*

барлық қызметтердің өзара үйлескен жұмысын талап етеді. Қорғанышты нығайту, өзінді кеңейту, бөгенер салу кешенді іс-шаралар қауіпсіздік деңгейін едәуір арттырып, су басу қаупін азайтады, - деді өз сөзінде.

Сапар барысында «Қазвиакұтқару» тікұшағының бортымен аудан аймағына аэровизуалды барлау жасалды. Жем және Құрсай өзендерінің арналарында жасалған жұмыстар назарға алынды.

Е.АЛТАЙҰЛЫ

ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ КҮШЕЙТІЛДІ

Ауданда «Көктем-2025» республикалық командалық-Аштабтық оқу-жаттығуы өткізілді. Өңірдің төтенше жағдайға қабілетін арттыруды және ауданның азаматтық қорғау қызметі мен құрылымының тасқынға дайындығын тексеруді көздеген шара 6-7 ақпан күндері ұйымдастырылды.

Оқу-жаттығу барысында бірқатар шектеу шаралары енгізіліп, аумақтық деңгейдегі құлақтандыру жүйесінің дайындығын тексеру мақсатында дабыл сиренасы іске қосылды. Жиынға аудандық орталық аурухана, жергілікті полиция бөлімі, авариялық құтқару қызметі, байланыс звеносы, Құлсары мұнай құбырлары басқармасының құтқару қызметі, «Жылыой тазалық», «Жылыойсу» МКК мен ауданның газ, энергетика, сауда қызметкерлері де қатысты. Құтқарушылар мен

жауапты органдардың дайындығын аудан әкімінің орынбасары Нұрболат Сарманов тексеріп, жұмыс қарқынын күшейтуді ұсынды. Сондай-ақ ол арықтарды, су өткізгіш құбырларды, нөсер кәріздерін және корректорлық-дренажды жүйелерді қалпына келтіруді тапсырды.

Екі күнге созылған оқу-жаттығуда қауіпсіздік шаралары сақталып, шара сәтті өтті.

Д.ІЗБАСАРҚЫЗЫ

* «Қара алтын» қарқыны

ПРОРВА ПӘРМЕНІ

Осы аптада ауданда «Ембімұнайгаз» АҚ бас директоры Ринат Ізмұханбет келді. Мақат мұнайшыларымен болған кездесуден кейінгі іссапары «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында жалғасты. Терең-Өзек, Прорва, Ақінген кеніштерінде кеңейтілген жиын өткізген ол өндірістегі орта буын басшылармен жүздесті.

Кеңейтілген жиынға компанияның бизнес әріптестері де қатысты. Цех басшылары мен өндіріс шеберлері өндірісті дамыту, шығындарды азайтып, оңтайландыру шараларын кезең-кезеңімен жүргізу бағытындағы ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Кездесу «сындарлы пікір алмасу» форматында өтіп, басшылар мен шеберлердің әрқайсысымен жеке-жеке пікір алмасты. Олар өз кезегінде алға қарай табысты арттыру, өндірістік шығындарын оңтайландыру, жаңа әдістерді бағыт енгізу, қордағы ресурстармен тиімді жұмыс істеу секілді өзекті мәселелер

төңірегіндегі өз ұсыныстарын ортаға салды.

Айта кету керек, Батыс Прорва кен орнындағы газ шоғырын игеру мақсатында инфрақұрылымды кеңейту жұмыстары жүріп жатыр. Мұндағы жоба үш кезеңмен жүзеге асырылады. Батыс Прорвадағы газ жобасының бірінші кезеңі биылғы маусымда іске қосылады. Сол сәтте мұнай өндіру көлемі жылына 45 мың тоннаға, газ 160 млн текше метрге дейін ұлғаяды. Ал ІІ, ІІІ кезеңдер 2026-2027 жылдарға жоспарланған. Бұл жобалар аяқталса, газ дайындаудың өндірістік

қуатын 600 млн текше метрге дейін арттырады. Биыл «Прорва мұнай дайындау және айдау цехын реконструкциялау және жаңғырту» жобасын әзірлеу жұмыстары да басталады. Ол ескірген жабдықты кезең-кезеңімен ауыстыруға және технологиялық схеманы жаңартуға бағытталған. Бұл өнім беруді жылына 3 млн тоннаға дейін ұлғайтады.

Компания басшысы өндірістегі осы және басқа жобаларды қадағалап, тиісті тапсырмалар берді.

Е. ҚОШАҚАНОВ

АқпаратPrint 8 702 132 03 32
8 778 891 57 72 Атамбаев к-сі, 7

ПОЛИГРАФИЯ

- * КІТАП
- * ЖУРНАЛ
- * ВИЗИТКА
- * ФИРМАЛЫҚ БЛАНК
- * САЙЛАУ БЮЛЛЕТЕНІ
- * ШАҚЫРУ
- * ФЛАЕР
- * АФИША
- * ҚАТТЫ ЖӘНЕ ПРУЖИНДІ ТҮПТЕУ
- * СЕРТИФИКАТ, ДИПЛОМ
- * АДРЕСАТ
- * МАҚТАУ ҚАҒАЗЫ
- * АЛҒЫС ХАТ
- * ҚОЙЫН ДӘПТЕР
- * КҮНТІЗБЕ
- * АС МӘЗІРІ

СУБЛИМАЦИЯ әдісімен сурет басу

- * шыныаяққа;
- * матаға;
- * жейдеге;
- * бас киімге
- * қағаз сәмкелер;
- * жапсырмалар;
- * кәмпит қорапшалары

А0; А1; А2; А3; А4 форматта басу

СЫРТҚЫ ЖАРНАМА

- * БАННЕР
- * МАҢДАЙШАЛАР
- * ОРАКАЛ
- * АНШЛАГ
- * X БАННЕР
- * ҮЛКЕН ФОРМАТТЫ ЖОБАЛАР БАСУ